

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 511 Заңы

"Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Занына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат) мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) бүкіл мәтін бойынша "мемлекеттік комитеттер", "мемлекеттік комитеттерге", "мемлекеттік комитеттердің", "мемлекеттік комитеттерді" деген сөздер алып тасталсын;

2) 5 - б а п т а :

ұшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өрт қауіпсіздігі саласындағы салалық бағдарламаларды бекітеді;";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілер тізбесін белгілеуді ; " ;

төғизыншы абзац алып тасталсын;

3) 6-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі салалық бағдарламаны әзірлейді;";

4) 1 0 - б а п т а :

төртінші бөліктің он екінші абзацы алдынан мынадай сөздермен тоlyқтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен";

тоғызынышы бөлігіндегі "басқармаларының" деген сөз "бөлімшелерінің" деген
сөзден аудистырылсын;

онынши - он бесінші бөліктер алып тасталсын;

5) мынадай мазмұндағы 10-1, 10-2, 10-3, 10-4, 10-5, 10-6, 10-7, 10-8, 10-9, 10-10 және 10-11-баптармен толықтырылсын:

"10-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары
қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Белгіленген тәртіппен арнаулы атақтар, белгіленген үлгідегі қызмет куәліктері мен жетондар берілген, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызметте тұрған адамдар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері болып та б ы л а д ы .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген қызметкерлеріне қызмет өткериу, енбегіне ақы төлеу, арнаулы атақтар беру,

медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету, зейнетақымен қамсыздандыру тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген әлеуметтік қорғау жағдайлары мен кепілдіктер

қ о л д а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының еңбек туралы зандары мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне осы Заңға және ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген өзге де нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмейтін

д е н ғ е й д е

қ о л д а н ы л а д ы .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жұмысшылары мен қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы зандарымен реттеледі.

10-2-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің қызмет өткеруі

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметке жасы кемінде он сегіздегі, кәсіби даярлық, денсаулық жағдайы, дene дамуы және білім деңгейі бойынша өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өрт-техникалық оқу орындарында оқу үшін орта білімі бар, он сегіз жасқа толмаған адамдар қабылдануы мүмкін. Бұл орайда аталған оқу орындарына түскен адамдармен өрт-техникалық оқу орнын бітірген соң мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында одан әрі қызмет өткерудің талаптары мен мерзімдері көзделетін келісім-шарттар жасалады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өрт-техникалық оқу орнындағы оқу уақыты Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес мерзімді әскери қызмет м е р з і м і н е е с е п т е л е д і .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына отыз екі жастан аспаған, орта және аға басшы құрамға қырық жастан аспаған адамдар қабылданады. Ерекше жағдайларда аталған жас мөлшері қажетті білімі , кәсіби даярлық деңгейі бар және Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген біліктілік талаптарына сай келетін адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органды басшысының шешімімен өзгертиледі.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары өрт-техникалық оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрам лауазымдарына тағайындалған немесе кадрына есепке алынған әскери міндеттілер белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында арнайы есепте т ұ р а д ы .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органына қызметке алғаш алынған адамдар міндетті түрде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының кәсіби даярлау

мектептерінде және оқу пункттерінде арнайы бастапқы оқытудан өтеді. Көрсетілген оқу орындарында алғашқы дайындықтан өтудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының басшысы белгілеуді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органына алғаш қабылданған адамдар үшін үш айға дейінгі сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ нәтижесі қанағаттанғысыз болған жағдайда, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері сынақтан өтпеген адам ретінде жұмыстан босатылуы мүмкін. Нәтижесі оң болған жағдайда сынақ мерзімі қызмет стажына есептеледі.

Бұрын сотталған және ақтай алмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан теріс себеппен жұмыстан босатылған адамдар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына қызметке қабылданбайды.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына қызметке тұрған азаматтар апт қабылдайды, оның мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне партияларға, кәсіподактарға мүше болуға, қандай да бір саяси партияларды қолдауға, ереуілдер үйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға, өзге де ақылы қызметпен (оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа) айналысуға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ коммерциялық үйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге тыйым салынады.

10-3-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметтің шекті жасы

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің қызметте болуының шекті жасы :

1) қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдар үшін - қырық бес жас;

2) орта, сондай-ақ арнаулы майор және подполковник атақтары бар аға басшы құрамдағы адамдар үшін - қырық бес жас, арнаулы полковник атақтары бар адамдар үшін - елу жас;

3) жоғарғы басшы құрамдағы адамдар үшін - елу бес жас болып белгіленеді.

Қажет болған жағдайда, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жекелеген қызметкерлерінің қызмет мерзімі Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы басшысының шешімімен ұзартылуы мүмкін.

Қызметтің ұзартылуы мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің осы Занда көзделген негіздер бойынша қызметтен босатылу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

10-4-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметті тоқтату негіздері

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметті тоқтату негіздері:

- 1) осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтен босату;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалту;
- 3) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерін Заңмен белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп тану;
- 4) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің қаза болуы;
- 5) лауазымымен сыйыспайтын қызметпен айналысу;
- 6) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енүі немесе ақтай алмайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы болып табылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері:

- 1) зейнетақыға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) бойынша;
- 2) қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша - тиісті комиссияның қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды екендігі туралы қорытындысының негізінде;
- 4) штаттың қысқаруына байланысты;
- 5) өз еркі бойынша;
- 6) келісім-шарттың бұзылуына байланысты;
- 7) аттестаттау тәртібімен қызметке сай келмейтіндігі анықталуы бойынша;
- 8) сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;
- 9) беделін түсіретін қылық жасаған жағдайда;
- 10) қызмет тәртібін үнемі бұзғаны үшін жұмыстан шығарылады.

10-5-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлеріне мынадай арнаулы атақтар белгіленеді және беріледі:

қатардағы	кұрам:
ішкі қызметтің қатардағы	жауынгері;
кіші басшы	құрам:
ішкі қызметтің кіші	сержанты;
ішкі қызметтің кіші	сержанты;
ішкі қызметтің аға	сержанты;
ішкі қызметтің	старшинасы;
ішкі қызметтің	прапорщикі;
ішкі қызметтің аға	прапорщикі;
орта басшы	құрам:
ішкі қызметтің кіші	лейтенанты;
ішкі қызметтің	лейтенанты;
ішкі қызметтің аға	лейтенанты;
ішкі қызметтің	капитаны;

аға басшы құрам;
ішкі қызметтің майоры;
ішкі қызметтің подполковникі;
ішкі қызметтің полковникі;
жоғары басшы құрам;
ішкі қызметтің генерал-майоры.

Жоғары басшы құрамның арнаулы атағын Қазақстан Республикасының Президенті бедеуді.

Кіші, орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарын беру (одан айыру) тәртібі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызмет өткеру туралы ережемен анықталады.

10-6-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары
қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, зейнетақымен
және өзгедей қамсыздандыру

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің ақшалай ризығы Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері ұлгілері мен тиесілілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін нысанды және арнаулы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі.

10-7-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының
қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын
үйге құқықтары және оларды әлеуметтік
қорғаудың өзге де шаралары

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызмет өткеріп жүрген қызметкерлер өздері тұратын қызметтік тұрғын үйге теңестірілген үйін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жекешелендіре алады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қаза тапқан қызметкерінің отбасы басқа тұрғын үй берілмей, қызметтік тұрғын үйден немесе қызметтік тұрғын үйге теңестірілген үйден шығарылмауға тиіс.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне тиісті қаржы

жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған мөлшерде Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындастын тізбе бойынша тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтем төленеді.

**10-8-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары
қызметкерлерінің демалысы**

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне ұзақтығы күнтізбелік отыз күн жыл сайынғы демалыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да демалыстар беріледі.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне еңбек сінірген жылдарына қарай (күнтізбелік есептеумен) еңбек сінірген жылдары:

он жылдан акса - ұзақтығы күнтізбелік бес күн;
он бес жылдан акса - ұзақтығы күнтізбелік он күн;

жиырма жылдан акса - ұзақтығы күнтізбелік он бес күн қосымша ақы төленетін демалыс беріледі.

**10-9-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары
қызметкерлерінің қаза тапқан (қайтыс болған)
немесе мертіккен жағдайдағы кепілдіктері**

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкери қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындау кезеңінде мертіккен жағдайда - оған, ал ол қаза болған (қайтыс болған) жағдайда өтем алуға құқығы бар адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен біржолғы өтем төленеді.

Біржолғы өтемді төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкери қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде не алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза болған (қайтыс болған) жағдайда асыраудағы адамдар мен мұрагерлеріне оның соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты, жаралануы, (контузия алуды), мертігуі, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленген жағдайда

оларға :

- 1) I топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражат;
- 2) II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражат;
- 3) III топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді .

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке соқтырмайтын ауыр мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оларға біржарым айлық ақшалай қаражат мөлшерінде; жеңіл мертіккен жағдайда - жарты

айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

Егер мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің қаза болуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы, контузия алуы (мертігуі), науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарумен байланысты емес мән-жайлардан болғандығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтем төленбейді.

10-10-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызметті қаржыландыру

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық бөлімшелерін қаржыландыру - жергілікті бюджет қаражаты есебінен, өрт-техникалық оқу орындарын қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10-11-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі және олардың іс-әрекетіне шағымдану құқығы

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.".

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК